

**ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАРЫТУ
МАҚСАТЫНДАҒЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ**

Нұржанова Райхан Қанатқызы

R_nurzhanova@bk.ru

7M01701-«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша I курс магистранты

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан

Республикасы

Ғылыми жетекші, **Амангазиева М.К.**

Әдебиет – қоғамның айнасы. Жасыратыны жоқ, әр дәуір шындығы, сол дәуірде өмір сүрген адамдардың арман-мақсаты, мүдделері – жалпы құндылықтар жүйесі бұл дәуір әдебиеті мен сөз өнерінде сақталған. Сөз өнерінде, көркем мәтінде уақыт ізі сақталған. Құндылықтар көркем мәтіндерде анық және айқын көрінеді. Бұл мәтіннің құдіреті. Батыс мәдениеттанушыларының бүкіл дүние мәтіннен тұрады деп айтуы қисынды. Өйткені, мәтін арқылы ғана адамзаттың қалыптасқан құндылықтар жүйесі бүгінгі күнге дейін сақталып, тек жазба мәдениет арқылы ғана болашақ ұрпаққа жетеді. Алаш қайраткері М.Жұмабаев: «Әдебиетте қазақ өмірінің сан алуан өзгерістері, бетбұрыстары, мұңдары, қуаныштары, толғаулары, идеялары жазылады» дейді. Осы тұрғыдан алғанда, әдебиетте біз ескермейтін құндылық функциясы бар екенін айту керекпіз. Өнер туындысы – құндылық тасымалдаушы. Ол белгілі бір сипаттың немесе әлеуметтік ортаның құндылықтарын ғана емес, сонымен қатар халықтық, тіпті жалпыадамзаттық құндылықтарды да бере алады. Әрине, жалпы адамзаттық құндылықтардың екі жағы бар. Адамзат атауына ортақ мағына белгілі бір деңгейде ұлттың даралығын, өзіндік ерекшелігін көрсетеді, оның табиғи түрде географиялық, тарихи-психологиялық факторлардың және халықтың даму тәжірибесінің ықпалында болады. Жоғары сынып оқушыларына, нақтылай кетсек 10-11 сынып оқушыларына арналған «Қазақ әдебиеті» кітабы бірнеше түрлі баспадан шықса да оқытылатын шығармалар бірдей болып табылады. Соның ішіндегі Баққожа Мұқайдың «Өмірзая»[1] романындағы жалпыадамзаттық құндылықтардың ішіндегі тәуелсіздік құндылықтарын анализдеп әрі интерпретациялап оқытудың мәнін айқындаймыз.

Баққожа Мұқайдың "Өмірзая" романы – қазақ халқының қиын-қыстау кезеңдердегі тағдыры мен рухани болмысының терең көрінісін бейнелейтін шығарма. Роман кеңестік жүйе кезіндегі идеологиялық қысым, ұлттық құндылықтардың жойылу қаупі және жеке тұлғаның еркіндікке деген ұмтылысын сипаттай отырып, тәуелсіздік құндылықтарын жан-жақты ашып көрсетеді.

Романдағы тәуелсіздік құндылықтарының көріністері:

<p>Ұлттық рух пен тәуелсіздікке ұмтылыс</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Романның басты кейіпкері Аяғанның тағдыры арқылы автор адамның ішкі еркіндігі мен ұлттық тәуелсіздік мәселесін көтереді. Кеңестік идеологияға қарсы тұру, ұлттық болмысты сақтау және осы жолдағы күрес тәуелсіздіктің негізгі құндылықтары ретінде көрініс табады.
<p>Идеологиялық қысым мен рухани тәуелсіздік</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Шығармада кеңестік қоғамның адам еркіндігін шектеуі мен ұлттық сананы басып-жаншу әрекеттері сынға алынады. Аяғанның шығармашылық еркіндігін шектейтін жағдайлар – сол дәуірдегі қазақ интеллигенциясының басынан өткен күресті көрсетеді.
<p>Ұлттық болмыс пен мәдениетті сақтау</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Романда қазақ халқының тілі, дәстүрі, салт-санасы мен ұлттық бірегейлігінің сақталуы тәуелсіздікке жетудің алғышарттары ретінде ұсынылады. Автор ұлттық құндылықтарды сақтап қалудың маңыздылығын бірнеше оқиға арқылы жеткізеді.
<p>Жеке тұлға мен қоғам арасындағы байланыс</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Романдағы басты идея – адамның ішкі тәуелсіздігі мен ұлттық азаттықтың үйлесімділігі.
<p>Тарихи әділеттілік пен тәуелсіздіктің маңызы</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Автор тарихи әділетсіздіктерді сипаттай отырып, ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізу тек саяси тұрғыда емес, сонымен қатар рухани тұрғыда да маңызды екенін көрсетеді. Бұл идея романның негізгі желісі арқылы беріледі.

Несіпбек Айтұлы: «Өмірзая» романындағы Аяған бейнесі арқылы XX ғасырдағы қазақ халқының басынан өткен ұлттық трагедия суреткерлік шеберлікпен көрініс тапқан», - деп баға берген «Өмірзая» романы құндылыққа толы [3, 36 б]. Бүгінгі қазақ әңгімесінде жалпыадамдық құндылықтар әртүрлі ракурста, сан салалы әдеби-көркемдік арналар аясында ашылатыныбайқалады. Алуандыққа, әртүрлілікке және бірегейлікке ұмтылу үрдісі қазіргі мәдени үдерістің доминанты болып отыр. Анализдеп оқыту кезінде қазақ әдебиеті пәні бойынша бірнеше мақсаттарды көздейді. Мысалы:

- 11.2.1.1 әдеби шығарманың композициясын жанрлық ерекшеліктерін айқындап, уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау;
- 11.2.2.1 автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау;
- 11.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтау;
- 11.2.5.1 - әлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талдау;
- к

11.2.5.1 мақсатына сәйкес оқушыларға тапсырманы «Баққожа Мұқай мен Түркімен ақыны Мақтымқұлы Фраги [2] шығармашылығын төмендегі кестеге салыстырып, ортақ құндылықтарының үндестігін жазады» түрінде алуға болады. Оқушыларға өлең ұсынылып, кесте беріледі (төмендегі сурет №2).

Шығарма тақырыбы	Ерекшелігі	Үндестігі
«Өмірзая» романы		
«Түркімен тағдыры» өлеңі		

Оқушыларға арнайы тапсырманың орындалу барысына байланысты дескрипторлар ұсынылады. Олар келесідей түрде қысқа мерзімдік сабақ жоспарында да, ұсынылған таратпа материалдарында да көрініс табады:

1. Екі қаламгердің шығармаларының ерекшелігін салыстырады;
2. Екі қаламгердің шығармаларының үндестігін анықтайды.

Жоғары сынып оқушылары Баққожа Мұқай мен Түркімен ақыны Мақтымқұлы Фраги шығармашылығын төмендегі кестеге салыстырып, ортақ құндылықтарының үндестігін жаза отырып, анализдеу арқылы бойларына жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіреді.

«Өмірзая» романы мен «Түркімен тағдыры» өлеңін оқыған жоғары сынып оқушысы жалпыадамзаттық көптеген құндылықтарды бойына сіңіре алады. Бұл шығармалар өз мазмұнымен оқырманды рухани, адамгершілік және мәдени тұрғыда байытады.

Басты жалпыадамзаттық құндылықтар:

1. *Адамгершілік және мейірімділік.* «Өмірзая» романындағы кейіпкерлердің тағдыры оқырманды өзгенің сезімін түсінуге, жанашырлық пен мейірім танытуға үйретеді. «Түркімен тағдыры» өлеңі халықтың қайғысын сезініп, өзіңе жақын адамзаттық жауапкершілікті түсінуге ықпал етеді.

2. *Еркіндік пен әділдікке ұмтылу.* Екі шығармада да қоғамдағы әділетсіздік, еркіндік пен теңдік мәселелері терең ашылған. Бұл оқушыны әділдікке ұмтылып, өз құқығын қорғауға және өзгелердің де құқығын құрметтеуге үйретеді.

3. *Туған жерге, ұлтқа деген сүйіспеншілік.* «Өмірзая» романы туған жердің қасиеті мен мәдениетін, тарихын құрметтеуге шақырады. «Түркімен тағдыры» өлеңі туған жерін қорғау мен ұлттық рухты сақтаудың маңыздылығын көрсетеді.

4. *Шыдамдылық пен қайсарлық.* Бұл шығармалардағы кейіпкерлердің өмірдегі қиындықтарға төтеп беруге тырысуы оқушыға шыдамдылық пен табандылық сияқты қасиеттерді сіңіреді.

5. *Тарихи сана мен мәдени мұраға құрмет.* Тарих пен халықтың өткені арқылы болашаққа дұрыс көзқарас қалыптастыруға көмектеседі. Бұл шығармалар тарихты түсініп, мәдени мұраны қадірлеуді үйретеді.

6. *Өзара түсіністік пен бірлік.* Оқушы әртүрлі ұлттардың тағдырын көре отырып, адамзаттың ортақ құндылықтарын түсініп, бейбітшілік пен ынтымақтастыққа ұмтылады.


Оқушының дүниетанымындағы өзгерістер:

1. Әлемге, адамзатқа кең көзқараспен қарау.
2. Өзінің және өзге халықтардың тағдыры үшін жауапкершілік сезімі.
3. Өмірдің мәні, ар-ождан, рухани құндылықтар жайлы терең ойлану.

Бұл шығармалар жас ұрпаққа рухани азық болумен қатар, олардың бойында жоғары моральдық қасиеттер қалыптастырады.

Енді тағы бір анализдеп және инт интерпретациялау арқылы әдеби шығармадағы «11.2.3.1 - шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау» мақсатын қарастырамыз. Осы мақсатты ала отырып, тәуелсіздік құндылықтарын бала бойына қалай сіңіруге болады деген сұрақ тұруы мүмкін. Ең алдымен оқу мақсатын, сабақ мақсатына (Көркемдегіш құралдарды анықтайды;Идея пен көркемдегіш құралдың байланысын айқындайды. Түйінді ойын білдіреді. Көркемдегіш құралдарды ажыратады;

Көркемдегіш құралдардың қызметіне талдау жасайды;) айналдырамыз:

<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>«Өмірзая» романының үзіндісін оқып көркемдегіш құралдарды тап</p> <p><i>Бір жауапты тест тапсырмалары</i></p> <p>Биылғы ауа райының мінезі бөлек. Жүріп-жүріп бір-ақ күнде бойжете салатын қыз баладай жарқ ете қалатын Жетісудың көктемі кешікті, қашан шілде туғанша жаңбыр сіркіреп, жердің қыртысына жылу жетпей, құйқасы қызбады. Маусым орталана бере аспанның қабағы ашылып, Жер-Ана шуаққа шомылды да, бой көтере алмай булығып жатқан көк дүр ете қалды. Шілде әдеттегідей ыстық болған, тамыз туа ауа райы күрт өзгерді, жаңбыр жиілеп, күн суытты. Көнекөз қарттар мұны жаман ырымға жорып, 1941 жылдың жазының осындай болғанын тілге тиек етті. Жаман сөз жатсын ба, тыныш отырған жұрт бір дүрлігіп барып басылды. Тамыздың аяғында күн қайтадан ысып, артынша Арктиканың суық ауасы лап қойып, жұрттың берекесін алды.</p>	<p>Өмірзая» романының үзіндісін оқып көркемдегіш құралдарды табады Теңеу: Эпитет; Метафора</p>	<p>ҚБ</p>  <p>Романның идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын айқындап, «Бес жолды өлең» әдісі арқылы ойыңызды жазыңыз.</p> <p>Дескриптор Көркемдегіш құралдарды анықтайды; Идея пен көркемдегіш құралдың байланысын айқындайды. Түйінді ойын білдіреді. Көркемдегіш құралдарды ажыратады; Көркемдегіш құралдардың қызметіне талдау жасайды;</p>
-------------------------------	---	--	--

	<p>Қыркүйектің алғашқы аптасында жапалақтап қар жауып, жапырағы түсіп болмаған ағаш атаулы ауыр салмақты көтере алмай морт-морт сынып жатты. Ертесіне аспан нілге шайғандай тазарып, жарқырап күн шықты, көше-көшемен сел жүрді. Ауа қызып, ыстық күшіне мінді, күні кеше пальто киіп, бүрсеңдеген жұрттың маңдайы тершіді. Сол ыстық кешеге дейін келді де, қазан орталана бере Алматының ауа райы өзінің ежелгі мінезіне көшті.</p> <p>Жаңбыр жауғалы екінші күнге айналып барады, мұның соңы қарға айналарын Аяған біледі. Қыстың жақындап келіп қалғанын ойлағандықтан ба, денесі қалтырап, иегін омырауына жасырды.</p>		
--	--	--	--

Осы аталған тапсырманың орындалу барысы мен оқушылардың бойына қандай құндылықтарды сіңіруге болатындығын төмендегідей дәлелдеуге болады:

. «Жүріп-жүріп бір-ақ күнде бойжете салатын қыз баладай жарқ ете қалатын» тіркесі қандай көркемдегіш құралға жатады? А) Теңеу

Түсіндірме: Бұл тіркесте көктем қыз балаға теңеліп, теңеу жасалған.

2. Мәтінде кездесетін эпитетті тіркестер қандай?

В) Бүрсеңдеген жұрт, жапырағы түскен

Түсіндірме: Эпитеттер – затты, құбылысты бейнелі түрде сипаттайтын анықтауыш сөздер. Бұл тіркестерде адам мен табиғатқа қатысты бейнелі анықтаулар берілген.

3. Мәтінде берілген негізгі ой қандай? D) Өзгермелі табиғат құбылысы *Түсіндірме:* Мәтінде ауа райының түрлі құбылыстары, оның адам өміріне әсері бейнеленген.

4. Ауа райының өзгеруін көнекөз қарттардың жаман ырымға жоруының мәнісі қандай? С) 41 жылдың жазы осындай болғандықтан

Түсіндірме: Қарттар 1941 жылдың ауыр оқиғалары мен сол кезеңдегі ауа райының ұқсастығын айтып өткен.

Көркемдегіш құралдарды табу:

1. **Теңеу:** «Жүріп-жүріп бір-ақ күнде бойжете салатын қыз баладай жарқ ете қалатын». Мұнда көктем қыз балаға теңелген.
2. **Эпитет:** «Бүрсеңдеген жұрт», «жапырағы түскен ағаш». Бұл тіркестер арқылы табиғат пен адамдардың бейнесі нақтыланып, әсерлі сипатталған.

3. **Метафора:** «Жердің қыртысына жылу жетпей, құйқасы қызбады», «Аспанның қабағы ашылды». Табиғаттың құбылыстары адамға тән қасиеттер арқылы суреттелген.

Роман идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысы:

Мәтіндегі көркемдегіш құралдар романның идеясына қызмет етеді. Табиғаттың құбылмалылығы адам тағдырындағы тұрақсыздық пен қиындықтарды меңзейді. Метафора мен теңеу арқылы табиғат пен адамның өмірі арасындағы байланыс терең көрсетілген [4].

Бұл тапсырма оқушы бойына бірнеше маңызды құндылықтарды сіңіруге көмектеседі. Әдеби мәтінмен жұмыс жасау арқылы оқушы тек мәтінді талдауды емес, оның астарында жатқан терең мағынаны түсініп, рухани байып шығады.

Сіңірілетін құндылықтар:

1. *Рухани-адамгершілік құндылықтар:* Табиғат пен адам арасындағы байланысты түсініп, өмірге терең көзқараспен қарау. Өмірдің өзгермелілігін, қиындықтарға төзімділік пен шыдамдылықты бойына сіңіру.
2. *Эстетикалық құндылықтар:* Табиғаттың сұлулығы мен оның бейнелі суреттелуін сезіну. Әдебиеттің көркем тілін ұғынып, сөз өнеріне қызығушылықтың артуы.
3. *Жауапкершілік:* Табиғат құбылыстарының адам өміріне әсерін түсініп, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау.
4. *Ұлттық сана мен тарихи таным:* Қазақ халқының көнекөз қарияларының тәжірибесін, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен білімін құрметтеу. 1941 жылғы тарихи кезеңнің ауыртпалығын еске алып, ел тарихын бағалау [5].
5. *Шығармашылық қабілеттер:* Көркем мәтіндердегі теңеу, метафора, эпитет секілді әдеби құралдарды анықтау арқылы оқушының талдау қабілеті дамиды. «Бес жолды өлең» әдісі арқылы ойын жүйелеп, шығармашылық тұрғыда жеткізуге дағдыланады.
6. *Құндылықтарға негізделген тәрбие:* Табиғаттың өзгермелілігін өмірге қатыстырып, кез келген жағдайға бейімделу мен сабырлылықты үйрену. Адамдар арасындағы түсіністік пен табиғатқа деген сүйіспеншілікті арттыру.

Нәтиже: Тапсырма оқушыларды тек әдеби талдауға ғана емес, сонымен қатар, табиғатқа, өмірге, және тарихи сабақтарға құрметпен қарауға тәрбиелейді. Бұл олардың өмірлік құндылықтарын қалыптастырып, жауапты әрі жан-жақты дамыған тұлға болып өсуіне ықпал етеді.

Қорытындылай келе, әдеби шығармаларды талдау мен салыстыру әдістерін қолдану оқушылардың жан-жақты дамуына, рухани байытуына және шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге жол ашады. Баққожа Мұқайдың «Өмірзая» романы мен Мақтымқұлы Фраги шығармаларындағы ортақ құндылықтарды зерттеу арқылы оқушылар тек әдебиетті түсініп қана қоймай, адамгершілік, тарихи таным және ұлттық сана-сезімге негізделген құндылықтарды бойына сіңіреді. Бұл әдіс жас ұрпақты жауапкершілікке, әділдікке және мәдениетаралық түсіністікке тәрбиелеуге үлкен үлес қосады. Әдеби шығармалардың көркемдік құрылымын талдау, олардың астарындағы идеялар мен құндылықтарды түсіну оқушылардың өмірге деген көзқарасын байытып, жоғары моральдық қасиеттерді қалыптастырады.

Осылайша, әдебиет сабағындағы мұндай кешенді тапсырмалар оқушылардың интеллектуалдық және рухани дамуына мүмкіндік беріп, оларға өмір бойы пайдалы дағдылар мен құндылықтарды сіңіруге ықпал етеді.

1. Мұқай Баққожа. Өмірзая. — Алматы: «Жазушы», 1989.
2. Мақтымқұлы Фраги. Таңдамалы өлеңдер жинағы. — Ашхабад: «Түркіменстан баспасы», 1987.
3. Қазақ әдебиеті оқулықтары. 11-сынып. — Алматы: «Мектеп» баспасы, 2022.
4. Әдебиет теориясы: оқу құралы / Қ.Жұмалиев. — Алматы: «Мектеп», 1984.
5. Әлем әдебиеті: методикалық жинақ / Қ.Қуанышбаев. — Алматы: «Қазақ университеті», 2015.